

**2026 жылға арналған мектепке дейінгі ұйымдардың мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жөніндегі конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсаттың
№ 30 ХАТТАМАСЫ**

05.02.2026 ж.

Кошанова Айгерим Болатовна	Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі басшысы, комиссия төрайымы;
Муратова Аяжан Нургазиевна	Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру секторының меңгерушісі, комиссия төрайымының орынбасары;
Акаева Рауза Кельмановна	Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің тәрбие мен оқыту жөніндегі әдіскері, комиссия хатшысы.

Комиссия мүшелері:

Кожаметов Болат Ризаханович	«Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Астана қаласы мен Ақмола облыстық ұйымы» ҚБ Көкшетау қ. филиалының төрағасы (келісім бойынша);
Булгаева Динара Серікқызы	Ақмола облысы Кәсіпкерлер палатасының адами капиталды дамыту бөлімінің басшысы;
Майбах Андрей Эдвардович	Ақмола облысы білім басқармасының бас маманы.
Амреев Габдылхан Рамазанович	«Амреев және К» ЖШС 1000 В дейінгі және одан жоғары электр қондырғылары бойынша сарапшы;
Кариева Алия Кабиболовна	Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі бас есепшісінің орынбасары;
Куркин Юрий Борисович	Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің құқық сұрақтары жөніндегі кеңесшісі;

Кукенова
Роза Сереековна

Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің техникалық қадағалау жөніндегі кеңесшісі;

Победенная Людмила
Николаевна

«Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі Көкшетау қаласының «Алтын бала» балабақшасы» МКҚК

Михайленко
Светлана Геннадьевна

Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі Көкшетау қаласының «Аяла» арнайы балабақшасы КММ медициналық қызметкері.

Өткізілген күні: 05 ақпан 2026 жыл

Өткізілген орны: «Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі» ММ мәжіліс залы

Қатысушылар: комиссия мүшелері

Күн тәртібі:

1. «Little People» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, ЖК А.С. Анафина «Сенім» шағын балабақшасы тиісті мемлекеттік электрондық ақпараттық жүйелерден («электрондық үкіметтің» веб-порталы www.egov.kz, www.elicense.kz) «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге, балаларға қосымша білім беруге және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 381 бұйрығының 13,14,15-тармақтарына сәйкес және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы №372 «Білім беру қызметтерін алушыларды ваучерлік қаржыландыруды ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша пилоттық жобаның кейбір мәселелері туралы» бұйрығының 6-тарауының 29, 30, 31, 32-тармақтарында көрсетілген талаптарға сәйкес, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға ұсынылған құжаттарды қарау, «Little People» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (М. Әуезов көшесі, 149) қосымша 25 орын, ЖК А.С. Анафина «Сенім» шағын балабақшасына (Е. Әуелбеков көшесі, 33) 29 орын.

ТЫҢДАЛДЫ:

Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің құқық сұрақтары жөніндегі кеңесшісі Ю.Б. Куркин комиссия мүшелерін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға арналған Тізбеге енгізуге қосымша 25 орынға «Little People» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, ЖК А.С. Анафина «Сенім» шағын балабақшасы 29 орынға келіп түскен өтініштермен таныстырды.

I.1. Комиссия «Little People» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 25 орынға және Анафина А.С. жеке кәсіпкерінің «Сенім» шағын балабақшасының 29 орынға ұсынған құжаттарын қарады.

1. Комиссия ұсынылған құжаттарды осы Қағидалардың 14-тармағына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 372 «Білім алушыларға ваучерлік қаржыландыруды ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жөніндегі пилоттық жоба мәселелері туралы» бұйрығының 6-тарауының 31-тармағына сәйкес қарап:

- 1) Алгоритмге 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;
- 2) мектепке дейінгі ұйым басшысының қолымен және мөрімен расталған бейнебақылау камераларының, дабыл түймесінің және дауыстық хабарландырудың (схемалар, қызмет көрсету шарттары және басқалар) болуы туралы ақпарат;
- 3) педагогикалық немесе бейіндік білімі бар педагогтердің белгіленген үлгідегі білім туралы штат кестесінің және құжаттарының көшірмелері;

15. Осы Қағидалардың 14-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынғаннан кейін Комиссия мемлекеттік электрондық ақпараттық жүйелер (www.egov.kz, www.elicense.kz «электрондық үкіметтің» веб-порталы) арқылы мынадай құжаттарды алады және олардың бар-жоғын тексеруді жүзеге асырады:

- 1) «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Рұқсаттар және хабарламалар туралы Заң) сәйкес мектепке дейінгі тәрбие және оқыту саласындағы қызметтің басталуы немесе тоқтатылуы туралы хабарламалар;
- 2) медициналық қызметке лицензиялар (сыйымдылығы үш топтан артық);
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлғаны немесе жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтамалар, жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы анықтамалар;
- 4) «Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының объектілеріндегі эпидемиялық мәні жоғары объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2022 жылғы 21 маусымдағы № 29/ке бұйрығына сәйкес, мектепке дейінгі ұйымның санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкестігі туралы

санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №28566 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 29/ке бұйрығы);

5) Конкурса құжаттарды тапсыру күніне дейін бір айдан ерте емес мерзіммен берілген, мемлекеттік кірістер органдарында есепке алынатын берешектің жоқтығы (бар екендігі) туралы мәліметтер.

Білім алушыларға ваучерлік қаржыландыруды ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін мектепке дейінгі ұйымдар тізбесіне енгізу мақсатында ұсынылған құжаттарды тексеру нәтижелері бойынша Комиссия келесі бұзушылықтарды анықтады:

I. «Little People» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі – 25 орынға кеңейту бойынша:

1. Алгоритмге 10-қосымшада белгіленген нысан бойынша берілген өтініште (қосымша: Тізбеге енгізуге арналған құжаттар) беттер саны көрсетілмеген.
2. Бейнебақылау камераларының, дабыл түймесінің және дауыс арқылы хабарлау жүйесінің бар екендігі туралы ақпаратқа ішкі және сыртқы бейнебақылау камераларының, сондай-ақ дабыл түймесінің орналасу схемасы қоса берілген, алайда оның кескін сапасы оларды анық көруге мүмкіндік бермейді. Оқылымдылығы жақсы, тиісті сападағы схеманы ұсыну қажет.
3. Қауіпсіздік қызметтерін көрсетуге арналған 2026 жылғы 1 қаңтардағы № 58 шартта орындаушының мөрі жоқ.
4. Дұрыс ресімделген штаттық кестені, сондай-ақ педагогикалық немесе бейіндік білімі бар барлық педагог қызметкерлердің білім туралы белгіленген үлгідегі құжаттарын ұсыну қажет.

2. «Сенім» шағын балабақшасы - 29 орынға ашу бойынша:

1. Алгоритмге 10-қосымшада белгіленген нысан бойынша берілген өтініште (қосымша: Тізбеге енгізуге арналған құжаттар) беттер саны көрсетілмеген.
2. Бейнебақылау камераларының, дабыл түймесінің және дауыс арқылы хабарлау жүйесінің бар екендігі туралы ақпаратқа «Дабыл» сигналы бойынша жедел шығу және ЖБО-ға (ЦОУ) қосу туралы шарт қоса берілген, алайда аталған шартта «Сенім» шағын балабақшасының директорының қолы мен мөрі жоқ.

Жоғарыда аталған мектепке дейінгі ұйымдарға 2026 жылғы 2 ақпанда құжаттарды талаптарға сәйкестендіру қажеттілігі туралы хабарлама жіберілді. 2026 жылғы 3–4 ақпан аралығында жоғарыда аталған мектепке дейінгі ұйымдар осы Алгоритм талаптарына сәйкестендірілген өтініш пен оған қоса берілген құжаттарды қайтадан ұсынды.

Белгіленген мерзімде ТОО «Little People» (25 орынға) және Анафина А.С. жеке кәсіпкерінің «Сенім» шағын балабақшасының өтініші мен оған қоса берілген құжаттары ұсынылмаған жағдайда, 2026 жылғы 5 ақпанда білім алушыларға

ваучерлік қаржыландыруды ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін мектепке дейінгі ұйымдар тізбесіне енгізу мәселесі бойынша комиссияның қайта отырысы өтті.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

- А.Н. Муратова - комиссия төрағасының орынбасары, «Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі» ММ мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру секторының меңгерушісі;
- Р.С.Кукенова - «Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі» ММ техникалық қадағалау жөніндегі кеңесшісі.

Комиссия «Little People» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 25 орынға және Анафина А.С. жеке кәсіпкерінің «Сенім» шағын балабақшасының 29 орынға арналған құжаттарын қайта қарап шықты.

ШЕШІМІ:


1. Осы Алгоритм талаптарына сәйкестендірілген «Little People» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 25 орынға және Анафина А.С. жеке кәсіпкерінің «Сенім» шағын балабақшасының 29 орынға арналған өтініші мен оған қоса берілген құжаттары.
2. 2. Ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 381 «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бойынша кадрлар даярлауға, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға, орта білім беруге, балалардың қосымша білім беруіне мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 13-тармағында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 372 «Білім алушыларға ваучерлік қаржыландыруды ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жөніндегі пилоттық жоба мәселелері туралы» бұйрығының 6-тарауының 29, 30, 31, 32-тармақтарында көрсетілген талаптарға сәйкестігін/сәйкессіздігін анықтау мақсатында «Little People» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне және Анафина А.С. жеке кәсіпкерінің «Сенім» шағын балабақшасына шығу күнін 2026 жылғы 10 ақпан деп белгілеу.

Комиссия төрайымы:



А.Б. Кошанова

Комиссия мүшелері:



- А.Н. Муратова
- Б.Р. Кожаметов
- Д.С. Булгаева
- А.Э. Майбах
- Г.Р. Амреев
- А.К. Кариева
- Ю.Б. Куркин
- Р.С. Кукенова
- Л.Н. Победённая
- С.Г. Михайленко

Комиссия хатшысы:



Р.К. Акаева